

Оңтүстік Қазақстан облысының электр энергетикалық объектілерінің қызметін жандандыру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 3 ақпандағы N 72

Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпорындары мен халқын электр энергиясымен қамтамасыз етуді қалпына келтіру мақсатында және 1997-2000 жылдарға арналған электр энергиясы рыногын одан әрі дамыту бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Бірыңғай технологиялық тізбекті бұзбастан "Оңтүстік Қазақстан бөлуші электр желілері компаниясы" акционерлік қоғамының мүлкін бөлудің мүмкіндіктерін айқындау мақсатында Қазақстан Республикасының мына министрліктері мен ведомстволарының:

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің;
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің;

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің өкілдерінен комиссия құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті:

белгіленген тәртіппен, одан, көрсетілген комиссия айқындаған мүлкімен "Түркістанэнерго" акционерлік қоғамын бөлу жолымен "Оңтүстік Қазақстан бөлуші электр желілері компаниясы" акционерлік қоғамын қайта ұйымдастыру мәселесін қарасын;

"Түркістанэнерго" акционерлік қоғамының жарғысында оның қызметінің мәні ретінде 1997-2000 жылдарға арналған электр энергиясы рыногын одан әрі дамыту бағдарламасына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысында бөліністі электр желілерін пайдалануды ұйымдастырудың оңтайлы құрылымын әзірлеуді көздесін;

"Түркістанэнерго" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығын "KEGOC" электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы акционерлік қоғамына берсін.

3. Осы қаулының 1-тармағында аталған Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, он күндік мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментіне комиссия мүшелерінің кандидатурасын ұсынсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ